



QS WORLD WIDE: НА ПУТИ К СОВЕРШЕНСТВУ

В КазНУ им. аль-Фараби завершился Форум QS World Wide «К совершенству на основе гармоний человеческого наследия и высоких технологий».



В глобальном саммите приняли участие свыше 800 лидеров академических кругов – президенты и ректоры университетов, ученые и эксперты из более 60 стран. Среди которых представители ООН, ЮНЕСКО и других международных организаций, всемирно известных компаний Microsoft, BBC, Elsevier, Springer Nature, YODAK, AKSON; руководители университетов, входящих в топ-800 международного рейтинга QS «World University Rankings»; члены SUN, USRN, международной ассоциации по ранжированию организаций и университетов IREG Observatory; эксперты Европейской сети по аккредитации в области инженерного образования ENAEE.

Они участвовали в обсуждении и выработке новой модели будущего развития университетов в рамках интеграции образования, науки, передовых технологий и духовных ценностей.

«На самом деле очень большое достижение – то, что Республика Казахстан была выбрана как страна для проведения одного из крупнейших мероприятий ведущего мирового рейтинга QS. КазНУ имени аль-Фараби достиг определенных результатов. В мировом рейтинге, в котором принимает участие более 7000 университетов, КазНУ занимает 207 место. Среди стран

СНГ является вторым после МГУ, что является очень большим достижением», - отметила региональный директор компании Elsevier по Центральной Азии Алия Оспанова.

По ее словам, научно-исследовательское направление этого университета приносит наибольшее количество публикаций во всем регионе Азии.

Как отметил ректор КазНУ Галымкаир Мутанов, в течение двух дней на базе университета в рамках Глобального саммита прошло несколько значимых мировых уровней событий. Это всемирная конференция и выставка QS World Wide; заседание Генеральной Ассамблеи Альянса университетов Шелкового пути (SUN), объединяющего более 130 вузов мира; Work Shop всемирной сети социально-ответственных университетов (USRN), в которую входят ведущие вузы из разных континентов.

«Как вы знаете, Елбасы поставил задачу о том, что к 2020 году минимум два наших вуза должны войти в число 200 лучших университетов мира. Мы наиболее близки к этой цели. В мире существует более чем 30 тысяч университетов, из них QS отбирает самых высших – 800, и каждый раз определяет рейтинг по итогам года.

Продолжение на 4 стр.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МОЙЫНДАУ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры академик Ғалым Мұтанов «UNION» Халықаралық университеттер ассоциациясының президенті болып сайланды. Бұл туралы Қазақстанда алғаш рет Алматыда өтіп жатқан «QS Worldwide» форумының салтанатты ашылуында айтылды.

Жалғасы 5-бетте

АЛЬТЕРНАТИВНАЯ ЭНЕРГИЯ КазНУ

КазНУ им. аль-Фараби и индийская компания Refex Group подписали меморандум о сотрудничестве в области развития возобновляемых источников энергии (ВИЭ).

Следует отметить, что университет является членом ООН по устойчивому развитию, активно развивающим стратегию внедрения альтернативных источников энергии, поэтому данное направление является приоритетным для КазНУ.

«Внедрение новых видов ВИЭ на базе нашего университета станет уникальной базой для дальнейшей их пропаганды. Создавая демонстрационный центр альтернативных источников энергии в кампусе, мы можем распространить наш положительный опыт по Казахстану, Центральной Азии и на Евразийском пространстве», - отметил ректор КазНУ Галым Мутанов.

В свою очередь, исполнительный директор Refex Group Раджагопалан Шайлеш подчеркнул, что университет добился больших достижений в области развития инновационных технологий. «Мы увидели все возможности КазНУ, посетили технопарк, научные лаборатории.

Продолжение на 2 стр.



Продолжение. Начало на 1 стр.

Готовы к приступит к успешному и взаимовыгодному сотрудничеству, начав его с установки солнечных батарей на крышах зданий кампуса. Это направление мы развиваем в Индии, в настоящее время масштабно продвигаем и в других странах», - сообщил г-н Шайлеш.

Refex Group занимается развитием солнечной энергетики и предоставляет экологически чистые альтернативные источники энергии в Индии. Компания построила три из пяти лучших солнечных электростанций в стране, введенных в эксплуатацию в соответствии с Национальной политикой в области солнечной энергии, участвует в нескольких проектах, охватывающих венчурный капитал, решения для сельской энергетики, недвижимость и развлечения.

Соб. корр.

АЛЬТЕРНАТИВНАЯ ЭНЕРГИЯ КазНУ



QYSQA-NUSQA

Аl-Farabi atyndaǵy QazUÝ-da ótken ýniversitetterdiń jahandyq samitinen Iran Islam Respublikasy ýniversitetleri de shet qalmady. Samit jumysyna Gilan ýniversitetiniń (Iran) rektory doktor Ahmad Razi, Alame Tabatabai ýniversitetiniń (Iran) rektory doktor Hosem Sahmi myrzalar qatysty.

Mártebeli qonaqtar samit jumysy aiasynda irantanýshy mamandar daryndap otyrǵan QazUÝ-dyń shyǵystany fakultetinde qonaqta boldy. Fakúltet dekanı Yhtiar Paltóre, Taiay Shyǵys jáne Óntústik Azia kafedrasynyń meńgerýshisi P. Súleimenovpen jáne irantaný bóliminiń oqytýshylar quramymen kezdesip, bolshaq áriptestik jobalar týraly sóz qozǵady. Atap aitar bolsaq, Gilan ýniversiteti eki aptalyq til jetildirý kырstarlyna iran bólimi stýdentterin qabyldaǵy azir ekendikterin malimdep, oqytýshylar arasyndaǵy almasý baǵdarlamalaryn júzege asyryǵa usynys jasady.

Ata keterligi, samit barysynda al-Farabi atyndaǵy QazUÝ men Gilan ýniversiteti arasynda ózara yntymaqtastyq qatynastar týraly memorandumǵa qol qoilydy.

QazUÝ jastary Nur-Sultan qalasynda «Atom apatynyń qayyp-qaterin jeńye arnalǵan iadrolyq qarýǵa qarсы qozǵalystyń jetistikteri men máseleleri» atty halyqaralyq ǵylym-praktikalıq konferensiyaǵa qatysyp qatty.

Jyńǵa qatysyshylar otyz jyldyq kezeńdegi Qazaqstandaǵy jáne álemdegi antiadrolyq qozǵalystyń qyzmetine talday jasad, damydyń negizgi kezenderin anyqtap, bolshaqqa josparlar jasady. Sondai-aq olar Qazaqstannyń alǵashqy qogamdyq uıymy – dúniejúzindegi eń bedeldi jáne bitimgershilik qozǵalys «Nevada-Semei» halyqaralyq antiadrolyq qozǵalysynyń beibitshilik úshin kürestegi mańyzdy rólın atap ótti.

Adamzat aldyndaǵy qyzmeti úshin IYNESKO-nyń sheshimimen qozǵalys «Alem esteligi» dúniejúzilik tizimine engizilgen. Qozǵalys mundaı jetistikke álemde alǵash ret halyqatqy jáne parlamenttik diplomatiyanıń ózara árekettesýi – jalpy qarýsyzdaný jolyndaǵy alǵashqy naqy qadamdy, planetadaǵy eń úlken poligonarda iadrolyq synaqtardy toqtatý – jańa úlgisi arqyly qol jetkizdi.

Qozǵalys iadrolyq qarýsyz álem qurýǵa jáne jalpy qarýsyzdandyryń máseleleri boıynsha ózara túsinistik pen yntymaqtastyq qaǵıdattaryn ornataǵa, iadrolyq qarýsyz elderdiń parlamentteri arqyly óz qyzmetine jańa serpin beryge daıyn. Iadrolyq qayıptıń aldyn alý búkil adamzat úshin «kún tártibindegi» másele bolyp qala beredi. Oıtkeni birqatar elder áli de iadrolyq qarýǵa ie bolýǵa talpynyda. Qozǵalys óziniń qyzmeti arqyly iadrolyq, bakteriologialyq, himialyq jáne basqa da qarýdy joıǵa jáne tolyqtai bas tartýǵa, jappaı qyryp-joıy qarýyn jasadı men jetildirý boıynsha odan ári jumystyń jol berilmeitindigi týraly qogamdyq pikir qalyptastyrýǵa yqpal etýdi jalǵastyrady.

Sharada QazUÝ-dyń «Nevada-Semei» jastar uıymynyń jetekshisi Tanabekova Gúljanat Baqytqyzy «Nevada-Semei» jastar uıymynyń qyzmeti jóninde baıandama jasady. Yniversitette iadrolyq qarýdy synaıdyń saldary boıynsha júrgizilip jatqan jumystardy atap ótti.

«Antiadrolyq qozǵalys óziniń jańa tarıhi kezeńinde Qazaqstan jastaryn ǵana emes búkil dúniejúziniń jastaryn zorlyq-zomylyq pen qayıp-qaterden azat álem úshin küreske tartıdyń basty mindeti dep sanady. Bul iadrolyq qarýsyz álem úshin ǵalamdyq qozǵalysqa jańa kúsh beredi» - deidi QazUÝ-dyń «Nevada-Semei» jastar uıymynyń jetekshisi.

Shyǵystany fakúlteti «Tilder merekesi» aiasynda qazaq halqynyń uly aqyny Abai Qunanbaevtyń 175 jyldyǵyna arnalǵan ádebi-sazdy kesh uıymdastyrdy.

Al-Farabi atyndaǵy QazUÝ-dyń Shyǵystany fakúltetinde «Tilder merekesi» aiasynda qazaq halqynyń uly aqyny Abai Qunanbaevtyń 175 jyldyǵyna arnalǵan ádebi-sazdy kesh ótti. Ush tilde júrgizilgen keshiti Qyır Shyǵys kafedrasynyń 1 kırs stýdentteri uıymdastyrdy. Keshe ǵana ýniversitet tabaldyryǵyn atqan stýdentterimiz merelik is-sharada árbir tildin qundylyǵy men mańyzyn dáriptep qana qoımai, óz ónerleri men qabileterin dúim jurtqa pash etti. Uly Abai atamyzdyń qanatty sózderin, óleńderin jatqa aıtyp, is-sharany ótkizýde utymdy pıdalalanǵan júrgizýshiler sazdy keshin áserli ótýine erekshe san berdi. Kei stýdentterimiz dástúrlı dombyra, qobyz syndy aspaptardyń qulayında oınap, köremenderdi ásem áyenmen baırasa, endi bireýleri shyǵys jáne batys tilderinde an aıtyp, zamanayı bil bilep, janashyldyq kórsete bildi. Sol sebepti, bul merekenı ótkenimizdi bolashaqpen balıanystyǵan kópir rolin atqardy deýge de bolady.

Merekelik is-sharanyń negizgi maqsatynyń biri – ýniversitetimizge jańadan túskен stýdentterdiń qabiletin baıqay. Sonymen qatar, olardy osyndaı mádeni sharalarǵa qatysýǵa baıly. Dana halqymyz «Jetti jurttyń tilin bil, jetti túrlı ilim bil», – deidi. Shynynda da, til úreny arqyly biz ózimizdi jańa qyrymyzdan tanyta alamyz.

Соб. корр.

КАКИМЖАН КАЗЫБАЕВ – ДЕЯТЕЛЬ, ПИСАТЕЛЬ, ГРАЖДАНИН

В КазНУ имени аль-Фараби прошла республиканская научно-практическая конференция «Какимжан Казыбаев – деятель, писатель, гражданин».

В мероприятии приняли участие государственные и общественные деятели, поэты, писатели, журналисты и ученики. Открывая научно-практическую конференцию, ректор КазНУ Галым Мутанов выразил благодарность собравшимся и зачитал поздравительную телеграмму Президента РК Касым-Жомарта Токаева. Глава государства пожелал семье Какимжана Казыбаева благополучия и процветания.

В ходе конференции вниманию участников был представлен видеofilm, посвященный жизни и творчеству Какимжана Казыбаева.

Член-корреспондент НАН РК, поэт Бауыржан Жақып выступил с докладом на тему «Писательский аспект Какимжана Казыбаева», где раскрыл его творчество с новых сторон и выделил особенное отношение к писательскому ремеслу.

Также выступили государственный и общественный деятель, академик Копжасар Нарыбаев, писатель Жанболат Ауыпбаев, Академик Казахской академии питания, профессор Торегелды

Шарманов, которые поделились своими воспоминаниями и отметили наиболее яркие страницы жизни и деятельности Какимжана Казыбаева.

Также писатель Султан Оразали описал героические подвиги К. Казыбаева. Один из них – «героический подвиг во имя любви. Он женился на девушке по имени Орынша Карабаина, которая была объявлена в то время дочерью врага народа. Еще один подвиг был связан с именем Рахымжана Кошкарбаева, который один из первых водрузил знамя Победы над зданием Рейхстага. Он был первым журналистом, кто опубликовал этот факт».

В завершении мероприятия выступила супруга Какимжана Казыбаева Орынша Карабаина-Казыбаева и его сын генеральный директор медиахолдинга Alash Media Group Батыр Казыбаев. Они поблагодарили всех участников конференции и коллектив КазНУ.



Виктор КИРК

Ректор КазНУ академик Галым Мутанов избран президентом Международной ассоциации университетов «UNION»

ПО ИТОГАМ ФОРУМА

По итогам международной конференций и выставки QS World Wide, а также V Генеральной ассамблеи SUN выступил первый проректор КазНУ Мухамбеткали Буркитбаев. Было отмечено, что на основных мероприятиях приняли участие свыше 300 лидеров академических кругов – президенты и ректоры университетов, ученые и эксперты из более 60 стран.

В целом во время проведения форума КазНУ подписал ряд взаимовыгодных соглашений.

Мероприятия, прошедшие с 18 по 21 сентября, были широко освещены в печатных изданиях и электронных СМИ. Было опубликовано более 50-ти материалов на государственном, русском, английском и китайском языках, в том числе интервью ведущих спикеров в информагентствах и ректора в газете «Казахстанская правда».

Еще одна тема, которая была обсуждена на заседании ректората, касалась формирования контингента иностранных обучающихся на 2019-2020 учебные годы. По словам проректора КазНУ по интернационализации и коммерциализации Мехмета Арслана, по сравнению с прошлым годом количество иностранных студентов возросло в разы. Сегодня их число составляет 1588 человек. Из них 1368 учатся на договорной основе, 75 – по гранту. Проректор показал в динамике рост приема иностранных абитуриентов за последние пять лет и количество привлеченных на коммерческой основе.

ҚазҰУ-да «Қазақ университеті» баспасынан философия ғылымдарының докторы, профессор Жақыпбек Алтаевтың жалпы редакциясын басқаруымен Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығына орай «Фарабитану» атты оқу құралы жарық көрді.

Аталған еңбекте әлемдік өркениеттің ұлы ойшылы Әбу Насыр әл-Фарабидің философиялық мұраларындағы терең өмірлік даналық, гуманизм және энциклопедиялық ғылыми ілімі қарастырылады.

Ойшылдың өмір сүрген дәуірі, «Екінші ұстаз» дүниетанымын қалыптастырған тарихи жағдайы туралы егжей-тегжейлі баяндалып, әл-Фараби философиялық мұрасының отандық философиялық және ғылыми ойға ғана емес, сонымен қатар мұсылман, еуропалық өркениеттерге қосқан үлесі айтылады.

Оқу құралы барлық талаптарға сай жазылып, бакалавр, магистранттар мен PhD докторанттарға және әл-Фараби ғылыми мұраларына қызығушы ғалымдар

ҚазҰУ ғалымының мерейтойға тартуы

мен көпшілік оқырман қауымға арналған.

Сондай-ақ, жуырда Амстердам қаласында (Нидерланды) ағылшын тілінде философия ғылымдарының докторы, профессор Ж.А. Алтаевтың «AL-FARABI PHILOSOPHY OF THE SECOND MASTER» («Әл-Фараби Екінші ұстаз философиясы») атты монографиясы жарыққа шықты. Кітап «Turkevi» зерттеу орталығының (Амстердам қ., Нидерланды), Еуразия Жазушылар Одағының (The Writers Union of Eurasia) және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ грифімен басылып шықты. Монографияның алғы сөзін университетіміздің ректоры, академик Ғалым Мұтанов пен «Turkevi» орталығының директоры Вейс Гунгор жазды.

Кітаптың салтанатты тұсаукесері Амстердам, Анкара, Алматы қалаларында 2019 жылдың күзіне жоспарланған.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
философия кафедрасының
3-курс PhD докторанты



ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК ӘРКЕЗДЕ МАҢЫЗДЫ

ҚазҰУ-да «Ізгілікті қоғам жолында: университеттердің әлеуметтік-гуманитарлық орталықтарының қызметіне әлеуметтік жауапкершілікті қосу» (USRN) атты әлеуметтік жауапкершілік жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру семинары өтті.



Семинарды ашқан әлеуметтік даму жөніндегі проректор Шолпан Ерболқызы «Бүгінде университет тұрақты даму бойынша БҰҰ-ның «Академиялық ықпал» бағдарламасының Ғаламдық хабында және халықаралық жобаларда белсенді қызмет ететінін атап өткен жөн. Олардың ішінде ҚазҰУ ұсынған инновациялық-технологиялық және рухани-адамгершілік платформалардың симбиозына негізделген «Университет 4.0» жаңа буын университетінің моделі бар. Онда төрт миссия біріктірілген: білім беру, зерттеу, инновациялық-кәсіпкерлік және рухани-адамгершілік. Осы тұрғыда заманауи жоғары оқу орындарының міндеті тек білікті мамандар даярлаумен шектелмей,

қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілікпен толығы тиіс», – деді.

USRN қызметі заманауи өркениеттің болашағы үшін ЖОО-лардың әлеуметтік жауапкершілігін орындауда мүше-университеттердің тиімді өзара әрекеттесу тұғырнамасын құруға бағытталған.

Қазіргі таңда әлеуметтік жауапкершілік мәдениетін қалыптастыруда ЖОО-лардың да атқарар рөлі зор. Университеттер білім беру қызметі және ғылыми зерттемелер түрінде қоғамдық игіліктерді құрып қана қоймай, қоғамдағы әлеуметтік мінез-құлық ережесінің қайнар көзі дейді семинарға қатысушылар.

Өз тілшімізден

ҚазҰУ-дың жерді қашықтықтан зондтау орталығында екіжақты ынтымақтастықтағы ғарыштық зерттеулер саласындағы жаңа білім беру бағдарламалары мен технологияларын дамыту мақсатында Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығының (ҰҒЗТО) делегациясымен кездесу өтті.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ



Кездесу барысында тараптар ғылыми-техникалық байланыстарды кеңейту әлеуетін, сондай-ақ ғылыми және білім беру саласындағы екіжақты серіктестіктің одан әрі мүмкіндіктерін талқылады.

Басқарма төрағасы Шыңғыс Омаров бастаған делегация жерді қашықтықтан зондтау орталығында болып, онда виртуальды жерді қашықтықтан зондтау станциясы (SATSEE), ГАЗ платформасымен, (SUPERMAP GIS 9D) наносателлиттерді жобалау бойынша студенттік конструкторлық бюро (AlFarabi-1, AlFarabi-2) және робототехника зертханасының жұмысымен танысты.

Кездесу бағдарламасы аясында ғарыштық зерттеулер саласындағы қазіргі және алдағы ынтымақтастық және олардың нәтижелерін және жаңа ғарыштық технологияларды ұлттық экономикаға енгізу мәселелері талқыланды.

Делегациялардың жетекшілері: «Ұлттық ғарыштық зерттеулер және технологиялар орталығы» АҚ Басқарма төрағасы – Шыңғыс Омаров, ҚазҰУ-дың ғылым және инновациялық қызмет

жөніндегі проректоры Тілекқабыл Рамазанов екі ұйымның және тұтастай елдің мүдделеріне сай білім беру процестерін дамыту туралы пікір алмасты.

SatSee виртуалды қабылдау станциясымен таныстырған жерді қашықтан зондтау орталығының директоры Б.С. Сахариев қытайлық қашықтықтан зондтау спутниктерінен қашықтықтан зондтау деректерін және географиялық ақпаратты модельдеу мен талдаудың көптеген міндеттерін шешуге мүмкіндік беретін заманауи SuperMap GIS 9D бағдарламасын қамтамасыз етуді ұсынды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ осы ГАЗ платформасын біздің елімізде сауда өкілдіктері туралы келісімге қол қойды.

Университеттің технологиялық паркін дамыту бағыттары және 1600 Teraflops дейін есептеу қуаттылығы бар суперкомпьютердің алдағы уақыттағы қондырғылары таныстырылды. Сарапшылар болашақта ғылыми, техникалық және білім беру саласындағы ынтымақтастық мәселелерін талқылады.

Баспасөз қызметі

QS WORLD WIDE: НА ПУТИ К СОВЕРШЕНСТВУ

Продолжение. Начало на 1 стр.



В дальнейшем мы приложим все усилия, чтобы войти в топ-200», - заметил Галымкаир Мутанов.

В свою очередь, старший вице-президент QS Quacquarelli Symonds Ltd Бен Соутер, заявил, что делегаты из разных стран очень довольны содержанием конференции. Она была динамичной, полезной для всех гостей.

«Мы занимаемся рейтингами, которые позволяют выявить наиболее лучшие университеты. Такие мероприятия важны для обмена опытом и помогают найти новые знакомства. Мы хотим, чтобы все университеты были активно задействованы в социальной жизни общества, студенты вузов занимались

искусством, музыкой, волонтерством», - сказал Бен Соутер.

В свою очередь региональной директор компании QS по Восточной Европе и Центральной Азии Зоя Зайцева отметила, что казахстанская система высшего образования находится на стадии развития.

«За последние 5 лет я вижу достаточно позитивное изменение в плане активности казахстанских университетов на международной арене, в плане интереса со стороны международных коллег к исследовательским проектам и партнерским программам внутри Казахстана. Методология рейтинга у нас опирается на несколько показателей,

в первую очередь, это репутационный показатель, то, что мы используем и в глобальном, и региональном предметном рейтинге. Это репутация среди работодателей и академического сообщества, затем мы используем открытые базы данных, как списки 100 успешных выпускников в Forbes, Time и прочее, также мы смотрим на данные, которые нам предоставляют университеты по вовлеченности и активности работодателей на кампусы университетов, то есть, сколько компании приходят на кампусы, как активно они взаимодействуют и прочие информации, которые мы получаем от вузов», - пояснила Зоя Зайцева.

Следует отметить, что впервые в мировой практике на базе одного университета одновременно проводилось несколько крупных международных мероприятий с таким авторитетным составом участников. Как отметили в оргкомитете QS World Wide, это связано с феноменальным прорывом КазНУ за последние семь лет в мировых рейтингах, возрастающей роли КазНУ в глобальном научно-образовательном пространстве и инициативами, которые реализуются казахстанским вузом в международном масштабе.

Форум является уникальной и крупнейшей в мире платформой по обмену и распространению передового опыта в сфере науки и высшего образования.



Бірнеше халықаралық шаралардың алаңына айналған саммитте әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті шетелдік үздік университеттермен әріптестік меморандумына қол қойды. Атап айтар болсақ, Цукуба университетімен (Жапония) бірлесе «Кампустағы кампус» бағдарламасын жүзеге асыру, сонымен бірге Петронас технологиялық университетімен (Малайзия), Integral University (Үндістан), Пекин университетімен (ҚХР) әріптестік келісім меморандумына қол қойылды.

ВКЛАД МОЛОДЕЖИ В РЕАЛИЗАЦИЮ ЦУР

В рамках Глобального саммита университетов, проходившего в КазНУ им. аль-Фараби, состоялась I пленарное заседание «Вклад молодежи в реализацию целей устойчивого развития (ЦУР)».

Модератор мероприятия – представитель Департамента глобальных коммуникаций ООН Властимил Самек. В обсуждении вопросов повестки дня приняли участие Игорь Рогов, заместитель исполнительного директора Фонда Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы, Сандон Хван, генеральный секретарь Ассамблеи SUN, профессор Ханкукского университета иностранных языков (Корея), Филипп Мартине, посол Франции в Казахстане, Бен Саутер, старший вице-президент QS Ltd и другие.

Было отмечено, что для достижения целей устойчивого развития стратегически важно, чтобы молодежь стала носителем ее ценностей и движущей силой. По данным многочисленных исследований уже сейчас люди, родившиеся после 2001 года, составляют порядка 32 процента от общего населения в мире. Именно они получают сегодня высшее образование и начинают трудовую деятельность. В этой связи роль университетов, как центра знаний и традиционных ценностей трудно переоценить.

«Университеты – это стартовые площадки, они определяют траекторию развития не только выпускника, но и нации в целом. Времена, когда вузы давали образование один раз и на всю жизнь, давно прошли. Сегодня обучение перестает быть привилегией молодежи и становится процессом пожизненным. Инвестиции в человеческий капитал приносят самую высокую отдачу в современном



мире. Аспекты устойчивого развития, отражающие наиболее важные проблемы человечества, могут и должны найти отражение не только в образовательной, но и научно-исследовательской деятельности вузов», - сообщил Игорь Рогов.

По мнению Генерального секретаря Ассамблеи SUN Сандона Хвана, университеты являются центрами научной деятельности. В настоящее время организацией разрабатываются проекты, которые можно эффективно осуществлять совместно с международными организациями. Это проект «Марко Поло 21 века» - пересечение Шелкового пути от Венеции до Южной Кореи. И морская экспедиция Шелкового пути от Малаки до Муската в Омане и до южных портов Ирана. Для участия приглашаются студенты всех стран мира.

О важности поддерживать диалог с молодежью подчеркнул в своем выступлении Филипп Мартине, посол Франции в Казахстане. «Мы создали порядка 100 стипендий для казахстанских студентов, с предоставлением возможностей обучения целям устойчивого развития. На протяжении нескольких лет продолжается наше плодотворное сотрудничество с КазНУ, эффективно функционирует геознергетический центр. В следующем году мы отметим 10-летие с момента создания центра, и планируем преобразовать его в институт. Также надеемся на развитие партнерства не только в сфере энергетики, но и других направлениях», - отметил он.

По итогам мероприятия участники заседания обменялись опытом, определили перспективные направления укрепления международного сотрудничества.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МОЙЫНДАУ



«UNION» халықаралық университеттер ассоциациясы («Universities Open Network») 35 елдің 100-ден астам жетекші университеттері кіретін ғаламдық желі болып табылады. Ұйым президенті конкурстық негізде сайланады.

Барселонада (Испания) өткен Ассамблеяда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Ғ. Мұтанов бірауыздан қауымдастықтың басшысы болып сайланды.

«Біз Ғалым Мұтановты белгілі ғалым, тиімді менеджер және жоғары білім саласындағы жаңашыл тұлға ретінде білеміз. Оның басшылығымен ҚазҰУ үлкен жетістіктерге жетіп, халықаралық деңгейдегі озық университетке айналды. Ол Ассамблеяны басқара отырып, оның қызметіне және мақсаттарына қол жеткізуде үлкен үлес қосатынына сенімдіміз», – деп атап өтті Барселона жоғары менеджмент мектебінің директоры Татьяна Компаниец, 19-20 қыркүйекте Алматыда өткен Университеттердің жаһандық форумында сертификатты табыстай отырып.

В библиотеке Аль-Фараби прошло заседание Генеральной Ассамблеи Альянса университетов Шелкового пути (SUN) и параллельная сессия на тему «Роль университетов в преобразовании Шелкового пути в путь мира с выдающимся человеческим наследием». В ее работе приняли участие более ста делегатов 50-ти университетов из 19 стран мира.

ЗАСЕДАНИЕ SUN

Открывая заседание, Генеральный секретарь Ассамблеи SUN Сандон Хван отметил важность данной встречи, так как подобные мероприятия способствуют укреплению доверия и расширению связей между университетами и странами. Недавно в состав организации были приняты девять новых членов из университетов Афганистана, Польши, Узбекистана, Кореи, Дубая и Ирана. На сегодняшний день SUN объединяет более 135 вузов мира.

В рамках встречи был заслушан отчет о финансово-экономической деятельности организации и озвучена информация о реализации текущего и будущего плана действий. Так, в сентябре и ноябре текущего года планируется проведение международной конференции и симпозиума в международном университете имени Имама Хомейни (Иран). В следующем году намечено

провести фотоконкурс «Цвета Шелкового пути», фестиваль фильмов – «Торговля, рынок вдоль Шелкового пути».

Подобные этноконкурсы были объявлены и в этом году, куда были поданы заявки от 25-ти университетов мира. В целом планируется провести четыре культурных мероприятия, где студенческая молодежь может посоревноваться своими талантами. Также студенты из университетов-членов SUN могут участвовать в международных ярмарках вакансий, в конкурсе среди молодежных симфонических оркестров, в языковых программах и мн. др. Также следует отметить, что организация выпустила два выпуска журнала «Вестник». Очередное заседание Генеральной Ассамблеи Альянса университетов Шелкового пути (SUN) намечено провести в Анкаре 2020 году.



Әлемдік университеттердің жаһандық саммиті аясында «Жібек жолы арқылы жоғары білім, мәдениет және технологияның дамуы» тақырыбындағы секциялық жұмыс бірқатар өзекті тақырыптарды талқылады. Шараға профессор Юлия Ебзеева модераторлық жасады.

ОРТАҚ ҚАДАМ

Адамгершілік: Машиналар біздің жүріс-тұрысымызға қалай әсер етеді?; Жасанды білімсіздік: Жасанды интеллект қате жібере ме?; Расист роботтар; Қауіпсіздік: Роботтарды бұзуға бола ма? Зұлымдық: Роботтар зұлымгерлерге айналуы мүмкін бе? Ерекшелігі: Адамдар қалай өздерін бақылауда ұстайды?», – деп баяндамасында ол, жасанды интеллектке қойылатын сұрақтарды таразылады. Сондай-ақ, баяндама барысында қазіргі жасанды интеллекттің адам үшін пайдалы және қауіпті жақтарына жан-жақты тоқталды.

«Стратегиялық дамуды қолдауға арналған білім» атты тақырыпта Бейжің педагогикалық университетінің (ҚХР) профессоры Билянг Ху: «Әлемдік деңгейде университет өзіне үлкен рөл алады. Осы мақсатта университет

әкімшілігі әртүрлі аспектілерді және функцияларды қызықтыру үшін қолданады. Бұл сессия осы сұрақты қарастыра отырып, университеттің дамуы және жоспарлау стратегиясын ұсынып, 3 түрлі көзқарасты білдіреді. Олар білім, зерттеу және экологиялық ықпал. Осы тұжырымдар университеттің актуалды дамуына көмектеседі», – деп атап өтті.

Секция жұмысына QS Quacquarelli Symonds Ltd (Ұлыбритания) өкілі Шади Хиджази де қатысты. Ол әлем бойынша университеттердегі білім беру жүйесіне қомақты үлес қосқан ғалым. Өз назарын стратегияларға, интернационализацияға, зерттеулерге, маркетинг және брендингке аударды. Оның жұмыстары Таяу Шығыс, Ресей, Малайзия, Филиппин, Корея, Мексика елдеріндегі университеттердің

жобаларына қосылған. Сонымен қатар, ол университеттегі нәтижелі жұмыстар және оның сапасы туралы аналитикалық есептер жазған. ҚазҰУ-дағы секциялық жұмыста цифрлық маркетинг негіздері; цифрлық маркетинг; цифрлық маркетинг компанияларының жоспары және реализациялары туралы жан-жақты тоқталды.

Оңтүстік Орал Мемлекеттік университетінің ректоры (Ресей) Александр Шестаков өз университетінің мүмкіншіліктерімен бөлісті. «Университет Еуропа мен Азияның тоғысқан белдеуінде орналасқан. Сол аумақ Жібек жолының бір бөлігі болған және де қазір ең жақсы ғылыми, мәдени тәжірибелерді біріктіреді. Интернационализация – университеттің негізі болып табылады. Осы негіздер университетті әлемдік деңгейде ғылыми зерттеу және инновация орталығына айналдырады», – деп атап өтті.

Секция жұмысында айтылған тақырыптың ең маңыздыларының қатарында Жібек Жолы бойындағы мәдениеттер тоғысында ғылым-білімді дамыту, оған жол ашу жолдары талқыланды. Әсіресе, университеттер арасында шет елдік студенттердің білім алуына мүмкіндіктер және оларды сол оқу орнына тарту жолдары, жаңа технология салалары кеңінен қамтылды.

БЕТТІ ДАЙЫНДАҒАНДАР:

Гүл Баяндина, Жанна Сагади, Айнұр Ақынбаева, Саягүл Әлімбекова, Перизат Жарылқасынова, Досжан Балабекұлы



ҚазҰУ және үнді Refex Group компаниясы жаңартылатын энергия саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды

ҚазҰУ-да отандық жоғары білімнің бәсекеге қабілеттілігін және білім беру қызметтерінің экспорттық әлеуетін арттыруға бағытталған университеттердің жаһандық саммиті аясында «Университеттердегі ғылыми зерттеулер, білім беру, әлеуметтік жауапкершілік және басқа да бағыттар бойынша жетілдіру стратегиясы» тақырыбында жиын өтті.

Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында еліміздегі барлық білім алушыларды сапалы біліммен қамтамасыз ету мақсаты алға қойылған болатын. Бұл бағдарламада Отандық білім беру жүйесін әлемдік білім кеңістігіне ендіру үшін кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне басты назар аударылған. Сондықтан да бүгінгі қоғам еңбек нарығының әлемдік талаптарына сай заманауи технологияларды ғылыми-зерттеу қызметінің дағдыларын меңгерген

күзиретті, әлеуметтік-жауапкершіл және бәсекеге қабілетті мамандар даярлауды көздейді дейді жиынға қатысушылар.

Жиында сөз алған Қазақстандағы Microsoft кәсіпкерлікті дамыту бойынша менеджері Алмас Молдаканов жоғары білім алудағы трансформациялық құрылым бойынша баяндама жасады. Оның айтуынша, «Қазіргі ғылым мен технология қарыштап дамыған заманда әлемдегі әр бір тұрғын осы жаңа технологияны тұтыну арқылы өзара ақпарат алмасады. Осы тұрғыда Microsoft компаниясының негізгі мақсаты ғаламдағы әр бір адам мен әр бір ұйымның үлкен мақсаттарға жетуіне барынша мүмкіндік беру. Бұл дегеніміз Microsoft тарихында оның бағдарламалары тұтынушылары үшін әркез жаңарып отырды. Бұл жаңарулар ақпарат алмасу мен білім алудағы трансформациялық құрылыммен тікелей байланысты», - деді Алмас Молдаканов.

Отандық ғалымдармен қатар жиынға келген әлемдік жетекші



университеттердің өкілдері жоғары білім беруді жетілдірудің жаңаша қыр-сыры берудегі трансформациялық құрылыммен бойынша пікір алмасуда.

Өз тілшімізден

ГОСТЬ QS WORLD WIDE-2019

Чултэмсурэн БАЯРМАГНАЙ, третий секретарь посольства Монголии в Республике Казахстан:

«Я ОЧЕНЬ БЛАГОДАРЕН ФАКУЛЬТЕТУ ЖУРНАЛИСТИКИ»

Чултэмсурэн Баярмагнай окончил журфак КазНУ в 2014 году, уехал домой, в Монголию, где шесть месяцев работал на телеканале, вел новости. После этого стал пресс-секретарём в Министерстве Внешних Отношений, переводил много документов с русского языка. Посольству понадобился человек, который учился в Казахстане, прошел стажировку, так и стал консулом.

- Монголия и Казахстан очень похожи. У нас одна история, практически одинаковые традиции, мы кочевники. Мы открытые и гостеприимные. Например, мы также любим мясо, в Монголии тоже есть курт, только он не соленый.

На территории Монголии, особенно в западной части, проживает больше ста тысяч казахов, поэтому естественно, что там учат казахскому языку. В Монголии есть школы с казахским языком обучения, а на телеканалах показывают новости и фильмы на казахском языке.

Я очень благодарен факультету журналистики, здесь я получил очень востребованную специальность. Обрел друзей. И сейчас вернулся в туган жер, в свой родной город Алматы на работу.

Лариса НОДА,
ст. преподаватель журфака

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің химия және химиялық технология факультетінің студенттері мен ұстаздары мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына алғашқы жолдауын қызу талқылады. "Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі" атты жолдауы қай жағынан алып қарасақ та, Қазақстан халқының болашағына игі әсерін тигізетін, болашағы зор кемелденген елге айналдыратын, жастарды білімді заманауи технологиялармен қаруландыратын, ұстаздар қауымына зор қолдау білдіретін маңызды құжат екенін атап өткен жөн.

Әсіресе біздер, ұстаздар қауымы, жолдаудағы әрбір тармақты студенттермен бірлесе отырып талдай келе, білім беру сапасын жақсарту бөліміне басты назар аудардық. Онда "Біздің елімізде еңбек ресурстарының балансын есепке алудың тиімді әдістемесі әлі күнге дейін әзірленген жоқ. Шын мәнінде, мамандар даярлаудың отандық жүйесі нақты еңбек нарығынан тыс қалған. Жыл сайын 21 мыңға жуық мектеп түлегі кәсіби және жоғары оқу орындарына түсе алмай қалады. Жастардың бұл тобы жұмыссыздар мен маргиналдардың негізін құрайды. Олар амалының жоқтығынан қылмыстық және экстремистік ағымдардың ықпалына түсуде. Біз оқушылардың қабілетін айқындап, кәсіби бағыт-бағдар беру саясатына көшуіміз қажет. Бұл саясат орта білім берудің ұлттық стандартының негізі болуы тиіс. Экономикамызда техника саласының мамандарына сұраныс өте жоғары, бірақ мүмкіндіктер аз. Кәсіпорындар тиісті мамандарды шетелден шақыруға мәжбүр. Осындай келеңсіз жағдайды жедел түзетуіміз керек. Қала мен ауыл мектептері арасындағы орта білімнің

БАҒЫТЫМЫЗ АЙҚЫН – ЖОЛЫМЫЗ АШЫҚ



сапасы алшақтап барады. Негізгі мәселе – ауылдық жерлердегі білікті педагог кадрлардың тапшылығы. Сондықтан «Дипломмен – ауылға» бағдарламасының аясын кеңейтіп, жұмысты жаңа деңгейде жалғастыруымыз қажет. Дарынды ауыл жастарын іріктеп, отандық және шетелдік жоғары оқу орындарына дайындау керек. Өз түлектерін жұмыспен қамту жағынан еліміздегі жоғары оқу орындарының жартысы ғана 60 пайыздық деңгейге қол жеткізіп отыр. Сондықтан олардың санын қысқарту мәселесін қарау керек. Терең білім берудің орнына диплом сатумен айналысқан университеттеріміз бар екені де жасырын емес. Білім саласына қатысты тағы бір мәселе – қаржыландырудың біркелкі болмауы және өңірлік басқарудың қазіргі жүйесінің тиімсіздігі. Білім бөлімдерін басқару және бюджет қаржысын әкімшілендіру функцияларын аудандық деңгейден облыстық деңгейге беру керек. Білім берудің барлық деңгейінде дербес қаржыландыру тәртібін енгізу қажет" делінген. Сонымен қатар, оқулық сапасының төмендігін деп атап көрсеткен. Оқушыларды сапалы оқулықтармен қамтамасыз ету – тиісті министрліктің тікелей міндеті.

Мұғалімдер мен оқытушылардың әлеуметтік жағдайын жақсартпасақ, бұл шаралар жүзеге аса қоймайды – деп бүгінгі күннің өзекті мәселелерін аса жауапкершілікпен атап көрсеткен.

Мемлекетіміз студенттерге берілетін білім сапасын мұғалімдерге жүктесе, мұғалім беделін арттыруда атқарылып жатқан істер жалғасын табады деп сенеміз. Ел болып жаңа ғасырға қадам басқалы жаңа өркендеп келе жатқан Қазақстанның алдына қойған мақсат, міндеттер саны арта бермек. Сол мақсат пен міндеттерді орындауға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің химия және химиялық технология факультетінің студенттері мен ұстаздары өз үлестерін қосуға ешқашан аянбайды. Сол үшін әрқайсымыз белсенді, әрі бірлесе әрекет ететін кез келді. Жалынды қолдауымызды білдіреміз. Баршаңызды жолдауды қолдап, қуаттап жүзеге асыру жолында аянбай еңбек етуге шақырамыз.

Р.Г. РЫСҚАЛИЕВА,
С.М. РОМАНОВА,
химия және химиялық технология факультетінің оқытушылары

Әлемде 5500-ден астам тіл бар, оның ішінде біздің ана тіліміз 70-ші орынға ие екен. Әр ай сайын 2 тіл жойылып отырады. Ал біздің қадірлі қазақ тіліміз сан ғасырлардан бері ұрпақтан-ұрпаққа жетіп келді. Зауалды заманалармен, қилы кезеңдерді бастан кешірді. Сонда да қазақ тіліміз қадірін жоғалтқан жоқ. Ендеше неге соншама қасіретті кезеңдерден мүдірмей өтіп, қадірлі бейбіт тәуелсіздікте құлдырауы тиіс?!



мақтанамыз. Алайда, сол теңіздей таза мөлдіртіліміздегі әртүрлі былапыт, жаргон сөздермен қадір қасиетін құлдыратып та аламыз. Алты алашты ауызына қаратқан ауызы дуалы алыптар ана тіліміздің маржан сөздерін сөйлегенде күллі жұрт ұйып тыңдайтын және сол ана тіліміз де жазылған, осы күнге жетіп келген қаншама жыр шумақтардан байқасақ та болады. 2003 жылы атақты батыр ақын Махамбет Өтемісұлының 200 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО шеңберінде аталып өтеді. Ереулі атқа ерін салған Махамбет бабамыздың 200 жылдық мерейтойы Франция мемлекетінде салтанатты түрде аталып өтеді. Ол мерейтойға елімізден біршама

ұлағатты кісілер барды. Бабамыздың өлеңдері әлемнің атақты тілдеріне, соның ішінде ағылшын, француз, испан, араб тағы да басқа бірнеше тілдерге аударылып, басылып, қабырғаларда ілініп тұр екен, бір кісі өлеңдерді аралап көріп жүрсе, Махамбеттің бір өлеңі ешбір тілге аударылмапты, қазақша жазылып тұр екен. Ол қай өлең десеңіздер:

Арқаның қызыл изені,
Басы күрдек, түбі арал.
Қыдырып шалар аруана,
Елінде қарияң болмаса,
Жастарың болар диуана,
Бір сынаған жаманды,
Екінші қайта сынама

Тіріде сыйласпаған ағайын,
Құм құйылсын көзіңе
Өлгенде бекер жылама ...
Әлгі кісі шараны ұйымдастырушыларды шақырып мына өлеңді не үшін аудармадыңыздар деп сұраған кезінде, ұйымдастырушылар таңданыстарын жасыра алмай «Бұл негекен ғажап тілде жазылған, бұл өлеңді біз әлемнің ешбір тіліне аудармадық. Ешбір тілдің өресіде сөз байлығы да жетпеді сосын баршамыз қай тілде жазылды сол тілде қалдыруды жөн көрдік. Егерде біздің елімізде Махамбеттей алып ақынымыз болғанда еді біз оны күллі жаһанға дәріптер едік» деп толқып сөз сөйлепті. Мұның өзі де біздің ана тіліміздің дәрежесі қай деңгейде екенін дәлелдеп тастаған жоқ па?!

Тіліміз өшсе, ұлтымыз жойылады. Жүрегіңде қазақтың деп тұрған әрбір адам тілді құрметтеу керек. Сөз соңын Алаштың айбынды арысы Хәлел Досмұхамедовтың мына сөзімен аяқтасам: «Ана тілін жақсы біліп тұрып бөтенше жақсы сөйлесең бұл-сүйініш, ана тілін білмей тұрып, бөтенше сөйлесең бұл-күйініш, өз тілін білмей тұрып, өзге тілге еліктеу бұл-зор қата. Бұл оқығандардың һәм оқушылардың есінен шықпауы керек».

Қ. АЛТЫНБЕКОВ,
тарих, археология және этнология
факультетінің 2-курс студенті;
Жетекшісі: **Н. ДЕНГЕЛЬБАЕВА**

ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

ҚазҰУ-да гидрология мамандығының екінші және төртінші курс студенттерінің қатысуымен «Қазақ тілінің болашағы және оның дамуы» атты дөңгелек үстел өтті.



Дөңгелек үстел барысында төртінші курс студенттері қазақ тілі мен орыс, ағылшын тілдерінің әр жылдардағы қолданылуы туралы статистикалық мәліметтерді келтіре отырып, қазақ тілінің қолдану аясы жөнінде баяндады. Сондай-ақ дөңгелек үстел барысында студенттер қазіргі кездегі қазақ тілінің білім саласында қолданылуы жайында ойларын ортаға салды. Ең басты талқыланған тақырыптардың бірі ол қазақ тілінің латын әліпбиіне көшірілуі болды. Соның ішінде мектептерде әліпбидің, білім саласындағы ғылыми мақалаларда үш тілді қолданудың маңыздылығы жөнінде мәселелерді талқыға салынды. Студенттер қазақ тіліндегі ғылыми

кітаптардың аз екендігін алға тарта отырып, осы мәселені шешу үшін аударма жұмыстарын көбірек жүргізу екендігін айтты.

Ана тілін ардақтаған төртінші курс студенті Ерболат Нысанбай Ескендір поэмасынан үзінді оқыса, екінші курс студенттерінің арасында көмейінен бал тамған ақын жігіттер Мұқағали өлеңдерінен үзінді келтірді. Ал екінші курс студенті Абдуғали Салық жүрек түбінен шыққан бір шумақ өлең жолдарын жеткізді.

Айгүл АҚЖАРҚЫНОВА,
метеорология және гидрология
кафедрасының оқытушысы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушылары, докторанттары және магистранттары Алматы облысының ауылдарын аралап, саяхат-конференцияға қатысып қайтты.

САЯХАТ-КОНФЕРЕНЦИЯ

Ең алдымен сенбілік сапарымыз Ұзынағашауылынан бастау алып, Сүйінбай Аронұлының, Жамбыл Жабаевтың және Елбасымыздың Мұражайында жалғасын тапты. Жамбыл атамыздың Ұзынағаш ауылындағы өмір сүрген мұражай-үйіне, Жамбыл Жамбыл атындағы тарихи, естелікке толы мұражайымен таныстық. Ондағы әр дүние өткеннің өрнегінен сыр шерткендей, ерекше әсер сыйлайды.

Музейді аралап жүрген сәтте маған ерекше ұнаған элемент қазақ суретшісі Аткимнің жібек жіппен, жібек матаға арнайы 4 жыл тоқып салған «Джамбул Джабаев» портреті. Әрине, қазақ ұлтының қолөнерге деген шеберлігін талай бұйымдардан, кестелерден және т.б. біліп, байқап жүрміз. Бірақ, суретшінің бұл суретінің бойында 4 жылғы көз майын тамызған қол еңбегі, жарты жолдан тастап кетпей, шыдамдылықпен, сабырлықпен соңына дейін жеткізген табандылығын бағалау керек.

Жамбыл атамыз халықтың, колхозшылардың, көпшіліктің арасында көп жүргендіктен мұражайда осыған байланысты мәліметтермен портреттері кездеседі. Сіңірген еңбектерінің арқасында «Ленин» ордені, «Еңбек қызыл ту» ордені, «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған.

Сонымен қатар, «Менің пірім Сүйінбай, Сөз сөйлемен сыйынбай!» - деп Жамбыл атамыз өз жырларында айтқандай атақты қазақтың жырауы, термеші Сүйінбай Аронұлының мұражайымен де таныстық. Онда Сүйінбай Аронұлының артынан қалдырған жыр-шумақтар жинағы, өлеңдері қабырға беттерінде ілулі тұр.

Қазақ халқының ұлы айтыскер ақыны Жамбыл атамыздың мұражай-үйі 12 бөлмеден тұрады, әрбір асхана, қонақ

бөлмесі, бәрібәрі тіпті қолданылған ыдыстары мен дүние мүлкін тамашалауға болады. Бұл мұражай-үй тиянақты, таза, қолданылған заттары бәз-баяғы қалпынша сақталған, мәліметтер бойынша перделері мен кілемдерін әрбір 5 жыл сайын ауыстырылып тұрады екен. Не нәрсені де бұрыңғы қалпында сақтап, мүсінін бұзбасаң көненің көзін қастерлесең қадір-қасиеті сақталғанын аңғарамыз.

Осындай орындар әрбір өскелең ұрпақтың бойына, ойына, санасына қазақ халқының тамаша мәдениетін, салт-дәстүрін, өткен тарихын, ұлттық болмысын осындай тарихи орындар арқылы дәріптейді емес пе?

Рухани жан-дүниені азықтандыратын экскурсияны ұйымдастырған университет қызметкерлері мен ұйымдастырушы оқытушыларға алғысымыз шексіз. Бір күн ішінде үш мұражайға сапар шегіптамашалап, әрі рухани азық алып, әрі жаны жайсан адамдармен танысып, ішкі жан дүниеміз тамаша күйге бөленді.

Саяхат-конференциямыздың соңында Жамбыл бабамыздың мазарына барып, құран бағыштап, елімізге тыныштық, береке, бірлік тіледік.

Кез-келген жүрегі қазақ деп соғатын ұрпақ, біз сияқты жастарымыз тарихын, бабалардың жасаған ерліктері мен кең байтақ жерімізді қалай қорғағаны жайлы, бізге осы тәуелсіздігіміз қалай келгендігін естен әсте шығармай, өзімізге бабалардан аманат болып қалған елімізді қорғап, қастерлеп жүру бізге жүктелген міндет.

Анар ЖУСУПОВА,
филология және әлем тілдері
факультетінің магистранты

ҚазҰУ-да жазушы, қоғам қайраткері Кәкімжан Қазыбаевқа арналған республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

Бас редактор: Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
Тілшілер: Айнұр АҚЫНБАЕВА, Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай: **kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды.

Бағасы келісім бойынша. Таралымы 1000 дана Тапсырыс: №1433

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.